



Студенттің өзіндік жұмысы

Мамандығы: Жалпы медицина

Тақырыбы: Науқас күтімі. Науқасты тамақтандыру

Кур: I

Группа: 108 “А”

Орындаған: Жетпісбай.Е.Ж

Тексерген: Тлеумагамбетова.Б.Б

Ақтөбе 2016

ЖОСПАРЫ:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

а) Диеталық столдар

б) 4-диеталық стол

III.Қорытынды

ДИЕТАЛЫҚ СТОЛДАР

№ 1 диеталық стол – Асқазан, ұлтабар жарасы, қышқылдығы жоғары созылмалы гастрит.

№ 2 диеталық стол – Қышқылдығы төмен созылмалы гастрит.

№ 3 диеталық стол – Іш қатумен сипатталатын тоқ ішек дискинезиясы.

№ 4 диеталық стол – Іш өтумен сипатталатын энтериттер.

№ 5 диеталық стол – Бауырдың және өт жолдарының аурулары.

№ 6 диеталық стол - Подагра ауруы.

№ 7 диеталық стол - Бүйрек аурулары.

№ 8 диеталық стол – Семіздік.

№ 9 диеталық стол – Қант диабеті ауруы.

№ 10 диеталық стол – Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары.

№ 11 диеталық стол – Туберкулез ауруы.

№ 12 диеталық стол- Жүйке-психикалық аурулар.

№ 13 диеталық стол – Жедел жұқпалы аурулар, қызба кезеңдері.

№ 14 диеталық стол – Несептің сілтілі реакциясы мен фосфор-кальций тұздарының дамуымен сипатталатын фосфатурия.

№ 15 диеталық стол – Жалпы стол, арнайы диеталық стол тағайындауға көрсетпелердің болмауы және ас қорыту жүйесі қызметінің қалыпты болуы.

4 – диета

4 диета іштің өте қатты өтуімен жүретін ішектің жедел ауруы және созылмалы асқынуы ішек моторикасы күшейгенде тағайындалады. Берілген диетаны тағайындау мақсаты – асқазан – ішек жолдарының күрт қабыну процесі жүрген кезде және осыған байланысты асқорытуы бұзылған органдары патологиялық процеске жиі ұшырайтын науқас адамдарға тағайындау.

4 диета - майлар мен көмірсулары шектелген және ақуыз құрамы тұрақты, шырышты қабаттың механикалық және химиялық тітіргендіргіштері мен асқазан ішек жолдарының рецепторла аппаратын шектейтін, сонымен қатар ішектегі ашу және іріңдеу процесін күшейтетін тағамдар мен өнімдер, өт бөлгіш асқазан секрециясы мен асқазан асты бездерінің күшті стимуляторлары, бауырды тітіркендіретін заттарды да шектейді. 4 диета бойынша тағамдарды буда піскен түрінде немесе ұсатып қабылдайды. Құрамында ақуыз – 90 г, майлар – 70 г, көмірсулар – 250 г, қайнатылған тұз – 8 – 10 г, бос сұйықтықтар – 1,5 – 2 л. Тамақтану тәртібі дробный – тәулігіне 5 – 6 рет.

Берілген диета 4 – 5 күнге бекітілген. Науқастың күй жағдайы жақсарған арада оның рационасына біртіндеп ішкі көкөністер мен жемістер ұсынылады. 4-інші диетаға тиым салынатындар: шикі жемістер мен көкөністер, блинылар, пирогтар, сүт және сүт тағамдары (ірімшік пен айраннан басқасы), суық закускалар, қақталған, тұздалған, майлы ет (қаз, үйрек), осетр балығы, сало және т.б. майлар түрін қабылдауға рұқсат етілмейді.

<p>Науқаспен сәлемдесіп, тамақ ішкісі келетінін сұраймын. Дәрігерден ас мәзірінің құрамын білемін. 15 минут бұрын науқасқа тамақ ішетін ескертемін.</p>	<p>Тағайындалуы: Ішектің созылмалы ауруымен іш қату кезінде.</p>
<p>Пациенттің қолын жуып, алдына сүлгі жабамын. Тамақ және сұйықтықты әкелу. Ыстық тамақ 60С, салқын тамақ бөлме температурасымен бірдей болуы керек.</p>	<p>Сипаттамасы: Тамақ құрамындағы ішектің зат алмасу қабілетін күшейтетін көкөністерді көбейту.</p>
<p>Науқасқа сұйық тамақты ішуі үшін бірнеше рет ұрттауын өтінемін. Қасықты тамақпен 2/3 бөлігінде толтырып беремін. Қасықты науқастың астыңғы еріндеріне жақынтатамын. Науқас аузын ашқанда қасықты тіліне тигізу және бос қасықты алып шығу. Тамақты шайнап жұтуға уақыт беру.</p>	<p>Тағамдар мен өнімдер: Ірі тартылған ұннан пісірілген нан, майсыз сорпа, ет, балық, үгілмелі ботқа, ірімшік, айран, өсімдік майы.</p>
<p>Еріндерін және иегін сүлгімен сүрту. Соңынан науқастың аузын сумен шаю. Ыдысты, қолды жуу.</p>	<p>Рұқсат етілмейді: Шалқан, қара шалқан, сарымсақ, саңырауқұлақ.</p>